

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
ШЕШІМІ**

**Ақтөбе қаласы**

**№428**

**2018 жылғы 19 маусым**

**Облыс әкімдігінің 2018 жылғы облыстық  
бюджеттің атқарылуы туралы есебі**

«2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» облыстың қаржы басқармасының басшысы Г.С.Сисенованың, Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы С.Еңсегенұлының және бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі тұрақты комиссияның қорытындысын тыңдап, облыстық мәслихат, 2017 жылғы 8 желтоқсанда бекітілген және 2018 жылдың бюджетін атқару барысында нақтыланған «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімі, нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 100,5 пайызға, алынған ресми трансферттер бойынша 100 пайызға орындалғандығын атап өтеді.

2018 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 100 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 167 219 226,5 мың теңгеден 167 210 698,9 мың теңге игерілді.

Одан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 43 681 506,0 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарын салуға және қайта жаңартуға, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға, дәрі-дәрмектерді вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға, көліктік инфрақұрылымды дамытуға, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, жылу-энергетика жүйесін дамытуға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен жылу-сумен жабдықтау және суағарларды салуға және қайта жаңартуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін несиелер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты  
**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімдігінің 2018 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 42 581 790,4 мың теңгеге, алынған ресми трансферттер 108 693 661,6 мың теңгеге, шығындар бойынша 151 681 321,9 мың теңгеге, бюджеттік кредиттер бойынша 10 640 817,0 мың теңгеге, қарыздарды өтеу бойынша 4 888 560,0 мың теңгеге, бюджеттің дефицитін қаржыландыру 5 990 377,6 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2018 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі назарға алынсын.

3. Облыс әкімдігіне:

1) бюджетке салықтық және басқа да міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру;

2) облыстық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінің орындалуына ай сайынғы мониторингті және талдауды жүзеге асыру;

3) тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізе отыра бюджет қаражатын тиімді және мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейту;

4) бюджеттік қаражаттарды басқару бойынша мемлекеттік органдардың қызметінің тиімділігін бағалау бойынша жұмыстарды жандандыру;

5) шығыстарды сапалы жоспарлауды және бюджет бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ететін, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің басшыларының жауапкершілігін арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясына есептік кезеңге бюджет қаражатын қамту көлемін ұлғайтуды қарастыратын қадағалау шараларының тиімділігін арттыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Б. БЕРКІМБАЕВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**